

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ
Ақтөбе облысы бойынша филиалы



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ

Сәуір 2025 жыл

Ақтөбе, 2025 жыл

	МАЗМҰНЫ	Б.
	Алғысөз	3
1	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
2	Ақтөбе қ. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
2.1	Ақтөбе қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі	6
2.2	Хромтау қ. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	6
2.3	Қандыағаш қ. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	7
2.4	Шубаршы а. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	8
2.5	Кеңкияқ а. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	9
3	Жер үсті суларының сапасы	12
4	Радиациялық жағдай	13
5	Жауын-шашынның химиялық құрамы	13
6	Топырақтың ауыр металдармен ластану жағдайы	13
	1 қосымша	15
	2 қосымша	19
	3 қосымша	22

Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень «Қазгидромет» РМК Ақтөбе облысы бойынша филиалы жүргізген жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты Ақтөбе облысының аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы хабардар етуге арналған және Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау, ластану деңгейінің үздіксіз өзгеру тенденциясын ескеру үшін қажет.

Атмосфералық ауа сапасын бағалау

1. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

Аймақтағы ауаның ластану деңгейін негізінен ірі кәсіпорындар анықтайды: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚазақойлАқтөбе» ЖШС, «Ақтөбе ферроқорытпа зауыты» және ДКБК АҚ «ТҰК Казхром» филиалдары, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Ақтөбе ӨЭМ» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ. Стационарлық көздерден шығарындылардың жалпы көлемінің ішінде ілеспе газды жағу шығарындыларының үлесі 11,67 мың тоннаны құрайды. Алау қондырғыларынан шығатын барлық шығарындылардың 97% -ы 3 мұнай мен газ өндіретін және қайта өңдейтін кәсіпорындардың үлесіне тиесілі: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚазақойлАқтөбе» ЖШС және «Аман Мұнай» ЖШС.

Сонымен қатар, жылжымалы көздерден шығатын газдар Ақтөбе облысындағы ауаны ластайтын негізгі заттардың бірі болып табылады.

2. Ақтөбе қаласының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Ақтөбе қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 бақылау бекетінде, оның ішінде 3 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 3 Автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 14 көрсеткішке дейін анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектер; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектер; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) күкіртті сутек; 9) формальдегид; 10) хром; 11) бензол; 12) этилбензол; 13) толуол; 14) ортоксилол.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қолмен іріктеу	Авиақалашық 14, әуежай ауданы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, азот диоксиді, формальдегид, хром, күкіртті сутек, бензол, этилбензол, толуол, ортоксилол.
2		Белинский к-сі 5, Жилгородка ауданы	
3		Ломоносов к-сі 7, ТЖ вокзалының ауданы	
4	үздіксіз режимде-әрбір 20 минут сайын	Рысқұлов к-сі, 4, Шанхай ауданы	көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутек
5		Есет батыр к-сі, 109	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутек
6		Жанқожа батыр к-сі, 89, Құрмыш ауданы	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді,

Ақтөбе қаласында стационарлық бақылау бекеттерінен басқа жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу

облыстың 3 нүктесі бойынша 7 көрсеткішке қосымша жүргізіледі: 1) қалқыма бөлшектері (шаң); 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) күкірт сутегі; 7) формальдегид.

2025 жылғы сәуірдегі Ақтөбе қ. атмосфералық ауа сапасын мониторингілеу нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы ластанудың "жоғары" деңгейі ретінде бағаланды, ол СИ=6,1 (жоғары деңгей) №3 бекетте күкіртсутек бойынша және ЕЖҚ=4% (көтеріңкі деңгей) №3 бекетте күкіртсутек бойынша анықталды.

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияларға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Атмосфералық ауаның ластануына көміртек оксиді (бір айдағы асып кетулер саны: 1), күкіртсутек (бір айдағы асып кетулер саны: 119) негізгі үлес қосады.

Күкіртсутектің ең жоғары бір реттік шоғыры – 2,6 ШЖШ_{м.р.}, басқа ластанушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте

Атмосферлық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бір реттік шоғыры		ЕҚ	Шектен жоғары шоғыр саны ПДК _{м.р.}		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.р.} асу еселігі		%	>ШЖШ	>5 ШЖШ
г. Ақтобе								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,0143	0,0954	0,1000	0,2000	0,00	0	0	0
Қалқыма бөлшектер РМ-2,5	0,0013	0,0371	0,0013	0,0081	0,00	0	0	0
Қалқыма бөлшектер РМ-10	0,0015	0,0250	0,0015	0,0050	0,00	0	0	0
Күкірт диоксиді	0,0023	0,0462	0,0050	0,0100	0,00	0	0	0
Көміртек оксиді	0,5470	0,1823	8,4417	1,6883	0,01	1	0	0
Азот диоксиді	0,0224	0,5600	0,0690	0,3450	0,00	0	0	0
Азот оксиді	0,0246	0,4095	0,0958	0,2395	0,00	0	0	0
Күкіртсутек	0,0006		0,0485	6,0625	2,61	119	1	0
Формальдегид	0,0025	0,2537	0,0040	0,0800	0,00	0	0	0
Хром (+6)	0,0003	0,1905	0,0005		0,00	0	0	0
Бензол	0,0000	0,0000	0,0000	0,0000	0,00	0	0	0
Этилбензол	0,0000	0,0000	0,0000	0,0000	0,00	0	0	0
Толуол	0,0000	0,0000	0,0000	0,0000	0,00	0	0	0
Ортоксилол	0,0000	0,0000	0,0000	0,0000	0,00	0	0	0

2.1 Ақтөбе қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ақтөбе қаласының атмосфералық ауасының жай – күйін бақылау жылжымалы зертхананың көмегімен 3 нүктеде жүргізіледі: №1 нүкте – Кирпичный а., №18 ОМ ауданы; №2 нүкте-Ясный а., 41 разъезд, №41 мектеп – гимназиясының жанында; №3 нүкте-Батыс 2, №64 ОМ ауданы.

Жылжымалы зертханада 7 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) күкіртсутек; 3) формальдегид; 4) азот оксиді; 5) күкірт диоксиді; 6) азот диоксиді; 7) көміртек оксиді. (3-кесте).

3-кесте

Атмосфералық ауа сапасын экспедициялық өлшеу нәтижелері

Анықталатын қоспалар	Кирпичный	
	№1 нүкте	
	мг/м ³	мг/м ³
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,0024	0,0080
Күкіртсутек	0,0032	0,4000
Формальдегид	0,0048	0,0960
Азот оксиді	0,0045	0,0113
Күкірт диоксиді	0,0032	0,0064
Азот диоксиді	0,0057	0,0285
Көміртек оксиді	2,8550	0,5710

2.2 Хромтау қаласының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Хромтау қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 бекетте жүргізіледі.

Қала бойынша 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) күкіртті сутек.

4-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	үздіксіз режимде-әрбір 20 минут сайын	Горький көшесі, 9	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек.

2025 жылғы сәуірдегі Хромтау қ. атмосфералық ауа сапасын мониторингілеу нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы ластанудың "төмен" деңгейі ретінде бағаланды, ол

күкіртсутек бойынша СИ=0,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәні бойынша анықталды.

Ең жоғары бір реттік шоғыр тіркелмеді.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте

Атмосферлық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бір реттік шоғыры		ЕҚ	Шектен жоғары шоғыр саны ПДК _{м.р.}		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.р.} асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Хромтау қ.								
Күкірт диоксиді	0,0021	0,0427	0,0496	0,0992	0,00			
Көміртегі оксиді	0,0511	0,0170	1,2938	0,2588	0,00			
Азот диоксиді	0,0010	0,0262	0,0504	0,2520	0,00			
Күкіртсутек	0,0010		0,0070	0,8750	0,00			

2.3 Қандыағаш қаласының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Қандыағаш қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 бекетте жүргізіледі.

Қала бойынша 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) күкіртті сутек.

6-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

6-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	үздіксіз режимде-әрбір 20 минут сайын	Ж. Жабаев көшесі 64 А	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек.

2025 жылғы сәуірдегі Қандыағаш қ. атмосфералық ауа сапасын мониторингілеу нәтижелері.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол азот диоксиді бойынша СИ=1,4 (**төмен** деңгей) және ЕЖҚ=0% (**төмен** деңгей) мәні анықталды.

Азот диоксидінің ең жоғары бір реттік шоғыры – 1,4 ШЖШ_{м.р.} күкіртсутек – 1,2

ШЖШ_{м.р.}, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің ең жоғары бір реттік орташа шоғыры – 2,6 ШЖШ_{о.т.}.

Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары: (10 ШЖК астам) тіркелмеді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 7-кестеде көрсетілген.

7-кесте

Атмосферлық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бірреттік шоғыры		ЕҚ	Шектен жоғары шоғыр саны ПДК _{м.р.}		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.} р. асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Қандыағаш қ.								
Күкірт диоксиді	0,0154	0,3090	0,3842	0,7684	0,00	0		
Көміртек оксиді	0,0158	0,0053	1,5032	0,3006	0,00	0		
Азот диоксиді	0,1041	2,6024	0,2756	1,3780	0,32	7		
Күкіртсутек	0,0019		0,0092	1,1500	0,37	8		

2.4 Шұбаршы ауылының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Шұбаршы ауылы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 бекетте жүргізіледі.

Ауыл бойынша 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) күкіртті сутек.

8-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

8-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	үздіксіз режимде-әрбір 20 минут сайын	Геолог көшесі 25Д	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, , күкіртті сутек.

2025 жылғы сәуірдегі Шұбаршы а. атмосфералық ауа сапасын мониторингілеу нәтижелері.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** деп бағаланды, ол күкіртсутек бойынша СИ=9,4 (**жоғары** деңгей) және ЕЖҚ=13% (**көтеріңкі** деңгей) мәнімен анықталды.

Күкірт диоксидінің ең жоғары бір реттік шоғыры – 6,9 ШЖШ_{м.р.},

күкіртсутек – 9,4 ШЖШ_{м.р.}, басқа ластанушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің ең жоғары бір реттік орташа шоғыры – 2,7 ШЖШ_{о.т.}.

Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары: (10 ШЖК астам) тіркелмеді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 9-кестеде көрсетілген.

9-кесте

Атмосферлық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бірреттік шоғыры		ЕҚ	Шектен жоғарышоғыр саны ПДК _{м.р.}		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.р.} асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Шұбаршы а.								
Күкірт диоксиді	0,1340	2,6799	3,4488	6,8976	4,12	89	5	
Көміртегі оксиді	0,0229	0,0076	2,9354	0,5871	0,00	0	0,00	
Азот диоксиді	0,0428	1,0711	0,1677	0,8385	0,00	0	0,00	
Күкіртсутек	0,0042		0,0749	9,3625	12,96	280	6,00	

2.5 Кенқияқ ауылының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Кенқияқ ауылы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 бекетте жүргізіледі.

Ауыл бойынша 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) күкіртті сутек.

10-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

10-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	үздіксіз режимде-әрбір 20 минут сайын	Алтынсарин көшесі 11 Б	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутек.

2025 жылғы сәуірдегі Кенқияқ а. атмосфералық ауа сапасын мониторингілеу нәтижелері.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейі **өте жоғары** деп бағаланды, ол СИ=33,4 (**өте жоғары** деңгей) және ЕЖҚ=17% (**көтеріңкі** деңгей) күкірсутек

бойынша мәні анықталды.

Күкіртсутектің ең жоғары бір реттік шоғыры – 33,4 ШЖШ_{м.р.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{м.р.}, басқа ластанушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің ең жоғары бір реттік орташа шоғыры – 2,3 ШЖШ_{о.т.}.

Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары: (10 ШЖШ астам):

*2025 жылы 15 сәуірде күкіртті сутегі (10,7 – 14,9 ШЖШ) бойынша атмосфералық ауаның 2 жоғары ластану (ЖЛ) тіркелді.

*2025 жылы 22 сәуірде күкіртті сутегі (13,6 – 28,3 ШЖШ) бойынша атмосфералық ауаның 10 жоғары ластану (ЖЛ) тіркелді.

*2025 жылы 23 сәуірде күкіртті сутегі (13,4 – 33,4 ШЖШ) бойынша атмосфералық ауаның 10 жоғары ластану (ЖЛ) тіркелді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 11-кестеде көрсетілген.


11-кесте

Атмосферлық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бір реттік шоғыры		ЕҚ	Шектен жоғары шоғыр саны ПДК _{м.р.}		
	мг/м ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.} р. асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Кенқияқ а.								
Күкірт диоксиді	0,0015	0,0296	0,2009	0,4018	0,00	0	0	0,00
Көміртек оксиді	0,3272	0,1091	1,6747	0,3349	0,00	0	0,00	0,00
Азот диоксиді	0,0920	2,3012	0,2112	1,0560	0,23	5	0,00	0,00
Күкіртсутек	0,0080		0,2671	33,3875	17,04	368	72,00	22,00

Қорытындылар:

Соңғы бес жыл ішінде сәуір айы бойынша ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, сәуір айы бойынша 2021 жылы ластанудың көтеріңкі, 2022 жылы өте жоғары, 2023-2025 жж. жоғары деңгейі тіркелді. Атмосфералық ауаның ластануына күкіртсутек негізгі үлес қосады.

Метеорологиялық жағдайлар

Айдың көп бөлігінде циклондар мен атмосфералық фронттар ауа-райын анықтады. Бұл күндері жаңбыр жиі жауды, үшінші онкүндіктің ортасында найзағай болды. Екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің соңында 1-2 градус аяз болды. 7 сәуір мен 26 сәуірде түстен кейін қалада жергілікті ауа райы байқалды – қатты жаңбыр (сәйкесінше 28 және 20 мм). Бір айдың ішінде жауын-шашын нормадан 2,5 есе көп болды. Айдың қалған күндерінде антициклондар ауа-райын анықтады.

3. Ақтөбе облысының аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Ақтөбе облысы бойынша жер үсті суларының сапасына бақылау **11** су объектісінің (Елек, Қарғалы, Ембі, Темір, Ор, Ақтасты, Қосестек, Ойыл, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Ырғыз өзендері) **18** тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **42** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (pH), еріген оттегі, ОБТ₅, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар.*

Ақтөбе облысының аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторинг нәтижелері.

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады. -

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

3-кесте

су объектісінің атауы	су сапасының класы		параметрлері	өлш. бірл.	концентрация
	сәуір 2024 жыл	сәуір 2025 жыл			
Елек өзені	-	4 класс (ластанған)	фенолдар	мг/л	0,0013
			аммоний-ионы	мг/л	1,109
			хром (6 ⁺)	мг/л	0,065
Қарғалы өзені	-	4 класс (ластанған)	фенолдар	мг/л	0,0015
			қалқыма заттар	мг/л	14,6
Ембі өзені	-	4 класс (ластанған)	фенолдар	мг/л	0,0014
			қалқыма заттар	мг/л	17,058
Темір өзені	-	4 класс (ластанған)	фенолдар	мг/л	0,0015
Ор өзені	-	4 класс (ластанған)	фенолдар	мг/л	0,0012
Ақтасты өзені	-	4 класс (ластанған)	фенолдар	мг/л	0,0012
			қалқыма заттар	мг/л	14,65
Қосестек өзені	-	4 класс (ластанған)	фенолдар	мг/л	0,0013
Ойыл өзені	-	4 класс (ластанған)	фенолдар	мг/л	0,0012
			қалқыма заттар	мг/л	16,53
Үлкен Қобда өзені	-	4 класс (ластанған)	фенолдар	мг/л	0,0013
Қара Қобда	-	4 класс (ластанған)	қалқыма заттар	мг/л	12,88
Ырғыз өзені	-	4 класс (ластанған)	фенолдар	мг/л	0,0014
			қалқыма заттар	мг/л	17,39

2025 жылғы сәуір айында Елек, Қарғалы, Ембі, Темір, Ор, Ақтасты, Қосестек, Ойыл, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Ырғыз өзендері 4 класқа жатады.

Ақтөбе облысының су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар аммоний-ионы, хром (6+), қалқыма заттар, фенолдар.

2025 жылдың сәуір айында Ақтөбе облысының аумағында ЖЛ жағдайы тіркелмеді.

2 Қосымшада тұстамалар шегінде су объектілерінің сапасы бойынша ақпарат салыстырғанда

4. Радиациялық жағдай

Жергілікті жердегі гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 7 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Қарауылкелді, Новоалексеевка, Родниковка, Ойыл, Шалқар, Жағабұлақ) жүзеге асырылды.

Ақтөбе облысында атмосфераның жер үсті қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәндері 0,04–0,17 мкЗв/сағ (норматив–5 мкЗв/сағ дейін) шегінде болды. Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/сағ құрады.

Ақтөбе облысының аумағында атмосфераның жер үсті қабатының радиоактивті ластануын бақылау Ақтөбе, Қарауылкелді, Шалқар метеостанцияларында көлденең планшеттермен бес тәуліктік ауа сынамаларын алу жолымен жүргізілді.

Ақтөбе облысы атмосферасының беткі қабатындағы радиоактивті түсулердің орташа тәуліктік тығыздығы 1,5-2,2 Бк/м² шегінде ауытқып отырды. Түсу тығыздығының орташа мәні 1,9 Бк/м² құрады, бұл шекті деңгейден аспайды.

5. Ақтөбе облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау 6 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Аяқкүм, Жағабұлақ, Мұгоджарская, Новороссийское, Шалқар) жаңбыр суының сынамасын алудан тұрды.

Жауын-шашындағы анықталған ластаушы заттардың концентрациясы шекті рұқсат етілген концентрациядан (ШРК) аспайды.

Тұнба үлгілерінде сульфаттар 18,11%, гидрокарбонаттар 36,86%, хлоридтер 12,27%, кальций иондары 12,50%, натрий иондары 7,64%, магний иондары 3,09% және калий иондары 2,39% басым болды.

Ең жоғары жалпы минералдану Аяқкүм МС – 122,6 мг/л, ең азы – Новороссийское МС – 26,3 мг/л тіркелді.

Атмосфералық жауын-шашынның меншікті электр өткізгіштігі 49,2 мкС/см (Новороссийское МС) мен 209,0 мкС/см (Аяқкүм МС) аралығында болды.


Жауын-шашынның қышқылдығы 6,07 (МС Новороссийское) – 7,35 (Аяқкүм МС, Мұгоджарская МС) аралығында.

6. Ақтөбе облысы бойынша 2025 жылғы көктемгі кезеңіндегі топырақтың ауыр металдармен ластану жағдайы


Көктемгі кезеңде Ақтөбе қаласында топырақ сынамаларында мырыш мөлшері - 2,0 - 2,3 мг/кг, мыс - 0,275 - 0,39 мг/кг, хром - 0,075 - 0,15 мг/кг, қорғасын - 0,17 - 0,23 мг/кг, кадмий - 0,11 - 0,18 мг/кг шегінде болды.

Ақтөбе облысында іріктелген топырақ сынамаларында № 16 мектеп, Тургенев көшесі, авиагородка ауданы, Темір жол вокзалы ауданы, АЗФ зауыты ауданы мырыш пен мыстың мөлшері (рұқсат етілген ең жоғары концентрация) шекті рұқсат етілген концентрациядан аспайды, хром - 0,013 - 0,025 ШЖК, қорғасын - 0,005 - 0,007 ШЖК.

Барлық анықталған ауыр металдар норманың шегінде болды.



Ақтөбе қ. бақылау бекеттері мен метеостанцияның орналасу орындарының картасы




Қірпіштідегі іріктеу нүктесінің орналасу картасы




Яснийдағы іріктеу нүктесінің орналасу картасы




Батыс-2-дегі іріктеу пункттесінің орналасу картасы



Хромтау қ. бақылау бекетінің орналасу картасы



Қандыағаш қ. бақылау бекетінің орналасу картасы



Шұбаршы а. бақылау бекетінің орналасу картасы

		заттардың нақты концентрациялары фондық кластан аспайды. Аммоний-ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы.	4 класс	Фенолдар – 0,00125 мг/дм ³ . Аммоний-ион – 1,845 мг/дм ³ Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды. Аммоний-ионының нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Қарғалы өзені	Су температурасы 8 – 11°C, сутегі көрсеткіші 7,97 – 8,02, судағы еріген оттегі 7,25 – 8,34 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 0,4 – 0,61 мг/дм ³ , иісі – 0 балл.	
тұстама Қарғалы ауылы, Ауылдың батыс бөлігінде Бұтақ өзенінің су келуінің оң жақ беткейінен 1 км төмен.	4 класс	Фенолдар – 0,0015 мг/дм ³ . Қалқыма заттар – 14,6 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Ембі өзені	Су температурасы 7 – 14°C, сутегі көрсеткіші 7,89 – 7,95, судағы еріген оттегі 6,77 – 8,67 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 0,51 – 1,92 мг/дм ³ , иісі 0-1 балл.	
Жағабұлақ ауылы, Жағабұлақ ауылынан 1,0 км солтүстік- батыста.	4 класс	Фенолдар – 0,0015 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Саға ауылы, Ауылдан 1,0 км оңтүстік-батыста.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,15 мг/дм ³ . Фенолдар – 0,0014 мг/дм ³ . Қалқыма заттар – 18,05 мг/дм ³ . Аммоний-ионының, фенолдардың, қалқыма заттардың нақты концентрациялары фондық кластан аспайды.
Темір өзені	Су температурасы 9 – 15°C, сутегі көрсеткіші 7,89 – 8,0, судағы еріген оттегі 5,49 – 8,4 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 0,55 – 1,13 мг/дм ³ , барлық тұстамада иісі – 0 балл.	
Покровское ауылы, Шелісай өзенінің су келуінің сол жақ беткейінен 400 м төмен.	4 класс	Фенолдар – 0,00125 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Ленинское ауылы, ауылдан 9 км төмен, Күлден-Темір өзенінің су сағасының сол жақ беткейінен 2 км төмен.	4 класс	Фенолдар – 0,0011 мг/дм ³ . Қалқыма заттар – 16,245 мг/дм ³ . Фенолдардың, қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Ор өзені	Су температурасы 12,1 – 14°C, сутегі көрсеткіші 7,96 – 8,0, судағы еріген оттегі 6,5 – 7,29 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 0,31 – 1,02 мг/дм ³ , мөлдірлігі 19 см, иісі 0 балл.	
Бөгетсай ауылы, ауылдан 0,3 км төмен, Бөгетсай өзенінің құйылысынан 0,2 км төмен.	4 класс	Фенолдар – 0,0012 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қосестек өзені	Су температурасы 7 – 10°C, сутегі көрсеткіші 8,0 – 8,04, судағы еріген оттегі 6,08 – 8,02, мг/дм ³ , ОБТ ₅ 0,49 – 0,97 мг/дм ³ , иісі – 0 балл.	
Қос-Естек ауылы, ауылдың оңтүстік-батыс бөлігінде шамамен атауы жоқ су сағасының сол жақ беткейінен 1 км жоғары, Таранғұл және Айтпай өзендерінің суы қосылған жерінен 2 км төмен.	4 класс	Фенолдар – 0,0013 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Ақтасты өзені	Су температурасы 8 – 10,2°C, сутегі көрсеткіші 7,98 - 8,0, судағы еріген оттегі 6,52 – 6,71 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 0,54 – 1,5 мг/дм ³ , иісі 1-0 балл.	
Белогорка ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейі, Ақтасты құрайтын Тересбұтақ және Тереңсай өзендерінің су қосылған жерінен 9 км төмен.	4 класс	Қалқыма заттар – 14,65 мг/дм ³ . Фенолдар – 0,0012 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан аспайды.
Ойыл өзені	Су температурасы 4 – 10°C, сутегі көрсеткіші 7,89 – 7,93, судағы еріген оттегі 6,54 – 8,05 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 0,83 – 1,71 мг/дм ³ , иісі – 1 - 0 балл.	
Ойыл ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейінде автожол көпірінен (белдемінен) 92 м жоғары.	4 класс	Қалқыма заттар – 16,53мг/дм ³ . Фенолдар – 0,0012 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың, фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан аспайды.
Үлкен Қобда өзені	Су температурасы 5 – 11°C, сутегі көрсеткіші 7,95 – 7,98, судағы еріген оттегі 6,68 – 8,78 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 0,59 – 0,79 мг/дм ³ , мөлдірлігі 20-18 см, иісі 0 балл.	
Қобда ауылы, Новоалексеевка ауылының шетінен оңтүстік-шығысқа 1 км, Темірбетонды автожол көпірінен (белдемінен) 400 м төмен.	4 класс	Фенолдар – 0,0013 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Қара Қобда өзені	Су температурасы 5 – 9°C, сутегі көрсеткіші 8,0 судағы еріген оттегі 5,58 – 8,59 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 0,41 – 0,6 мг/дм ³ , иісі 0-1 балл.	
Альпасай ауылы, Альпасай ауылынан 360 м. Шығысқа және Сары-Қобда өзенімен су қосылған жерден 18 км.	3 класс	Қалқыма заттар – 12,88 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Ырғыз өзені	Су температурасы 11,4 – 16°C, сутегі көрсеткіші 7,88 – 7,95, судағы еріген оттегі 6,89 – 7,44 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 1,04 – 1,45 мг/дм ³ , иісі 0-1 балл.	
Шеңбертал ауылы, ауылдан 8 км және темірбетон көпірден 1,2 км.	3 класс	Қалқыма заттар – 17,39 мг/дм ³ . Фенолдар – 0,0014 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың нақты концентрациялары фондық кластан аспайды. Фенолдардың нақты концентрациялары

		фондық кластан асады.
--	--	-----------------------

3 Қосымша

Анықтамалық бөлім

Елді мекендердің ауасындағы ластаушы заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануы (ШЖШ)

Қоспалар	ШЖШ мәні, мг/м ³		Қауіптілік классы
	максималды бір реттік	орта тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м ³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	0,15	3
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,3	0,06	
Қалқыма бөлшектер РМ 2,5	0,16	0,035	
Хлор сутегі	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Мышьяк	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1

Қоғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртсутек	0,008	-	2
Көміртек оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фтор сутегі	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 тамызда № 29011 болып тіркелді.

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градация	Атмосфералық ауаның ластануы	Көрсеткіштер	Бір айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕҚ, %	>10 >50

БҚ 52.04.667-2005 Мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыру үшін қалалардағы атмосфераның ластану жай-күйінің құжаттары. Әзірлеуге, сақтауға, мазмұндауға және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар

Су пайдалану санаттары (түрлері) бойынша су пайдалану сыныптарын саралау

Су пайдалану санат ы (түрі)	Мақсаты / түрі тазала у	Суды пайдалану сыныптары					
		1 класс	2 класс	3 класс	4 класс	5 класс	6 класс
Балық шаруашылығын ың суың пайдалану	Албыртбалық	+	+	-	-	-	-
	Тұқыбалық	+	+	-	-	-	-
Ауыз су пайдалану шаруашыл ығы	Қарапайым су дайындау	+	+	-	-	-	-
	Дағдылы су дайындау	+	+	+	-	-	-
	Қарқынды су дайындау	+	+	+	+	-	-
Рекреациялық су пайдалану (мәдени-		+	+	+	-	-	-

тұрмыстық)							
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-	-
	Карталарда тұндыру	+	+	+	+	+	+

Өнеркәсіп:							
технологиялық мақсаттар, процестер салқындату		+	+	+	+	-	-
гидроэнергетика		+	+	+	+	+	+
пайдалы қазбаларды өндіру		+	+	+	+	+	+
транспорт		+	+	+	+	+	+

Су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (АШМ СРК 20.03.2024 ж. №151 Бұйрығы)

Радиациялық қауіпсіздік нормативі

Нормаланатын шамалар	Доза шектері
Тиімді доза	Халық
	Кез келген кезекті 5 жыл үшін жылына 1 мЗ орташа, бірақ жылына 5 мЗ артық емес

*«Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық талаптар радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге»

Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол берілген мөлшері

Заттардың атауы	Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ) топырақта мг/кг
Қорғасын	32,0
Хром	6,0

* Өмір сүру ортасының қауіпсіздігінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ-32 бұйрығы.

"ҚАЗГИДРОМЕТ" РМК АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ
АВИАГОРОДОК 14В
ТЕЛ. 8 (7132)-22-85-72

E MAIL:HIMLABACGM@MAIL.RU